



## 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Жамбыл облысы Жуалы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 03 сәуірдегі № 118 Қаулысы . Жамбыл облысы Жуалы аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 08 мамырда № 6-4-125 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27 - бабына сәйкес, «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығы және ««Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 Қаулысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін .

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Әділбақов Айбар Күнтуұлы - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;  
Садыбеков Ғалымжан - «Жамбыл облысы Жуалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары, (келісім бойынша);  
Үшкемпірұлы  
**К о м и с с и я** мүшелері:

Ордабаев Есім Жанысбекұлы - «Жамбыл облысы ішкі істер Департаментінің Жуалы аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Үсенбаева Манат  
Үсенбайқызы

- «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жуалы аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бас дәрігерінің үйлестіру-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы, (келісім бойынша);

Байжиенова Жібек  
Құдайбергенқызы

- «Жамбыл облысы әкімдігінің сақтау басқармасы Жуалы аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша);

3. «Жамбыл облысы Ішкі істер Департаменті Жуалы ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айбар Күнтуұлы Әділбақовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қоланысқа енгізіледі және 2012 жылдың 2 сәуірінен пайда болған қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*Б. Құлекеев*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің  
Жуалы аудандық Ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесі бастығының  
міндетін уақытша атқарушы

А . З а у ы р б е к о в

03.04.2012 ж.

«Жамбыл облысы Жуалы ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ғ . С а д ы б е к о в

03.04.2012 ж.

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық  
сақтау басқармасының Жуалы аудандық  
орталық ауруханасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
б а с д ә р і г е р і  
С . Ж ұ м а ш е в  
03.04.2012 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК